

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Ойын сабақтың әр бөлігінде, әр мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады. Жаңа тақырыпты түсіндіруде, өткенді қайталауда, пысықтау сабақтарында пайдаланылады. Мұғалім ойындарды қолдану үшін жете дайындық жасап, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етеді. Олар: грамматикалық лото, грамматикалық тренинг, грамматикалық гимнастика т.б.

Қорыта айтатын болсақ, қандай да ойын түрі болмасын дұрыс таңдауды қажет етеді. Ал, дұрыстандау үшін оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін білу керек. Тек қана осы жағдайда ғана, біз күткен нәтижелерімізге қол жеткізе аламыз. Тиімді қолдана білген кез келген технология білім сапасын арттыратыны хақ. Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ қолында. Қазіргі жастар – ертеңгі Қазақстанның болашағы. Сөзімді ұлы Абайдың мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Хусайн, Шетел тілі сабағында ойын технологиясын қолданудың ерекшелігі //, Мектептегі шет тілі – Иностранный язык в школе, Алматы, №3, 2015, Б.56
2. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С., Бисенғалиева А.Н. Шет тілін оқыту әдістемесі. Астана: Фолиант, 2007, Б.171-173.
3. А.Ш. Нұртаза, Аңылшын тілі сабағында дидактикалық ойындар арқылы коммуникативтік құзыреттілікті дамыту //, Шетел тілін оқыту әдістемесі – Шетел тілін оқыту әдістемесі, Алматы, №4, 2014, Б.3-7.

ӘОЖ 008 (510)

МӘДЕНИЕТТЕР ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ: ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІ

Өмірбай Фариза Ғалымжанқызы

jimmo.grey@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 1-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жылқыбекұлы.Б

«Мәдениет - адам бойындағы тағылық қасиетті тиятын, табиғи заңдылықтардың жасанды реттеуші» [1, 5 б] деген еді А.Шопенгауер. Мәдениет дегеніміз недеген сұраққа жауап беру үшін бұл сөздің этимологиясына, яғни осы бір күрделі ұғымды білдіретін сөздің шығу тегіне тоқталғанды жөн көріп отырмыз. Қазақ тіліне бұл термин арабтың «маданият» - қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл атау орта ғасырларда мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениет қоғамнан, адамнан ажыратылмайды, адам – мәдениеттің субъектісі. Оған адамзаттың тілді игере білуі себеп. Қоғамдағы құндылықтарды, әдет-ғұрып, мәдени іс-әрекеттерді бойына сіңіру адамның міндеті. Мәдениет адамдықтың өлшемі. Ол адам ой-қиялының қоғамда дамуын сипаттайды. Сондықтан мәдениет адаммен тікелей қарым қатынаста өмір сүреді. Ол қатынастың мәні мынадай, адам бұрыннан жасалып келген мәдениетті бойына сіңіреді, қабылдайды, өзін болашақ іс-әрекеттің алғы шартына айналдырады. Сөйтіп адам өз білімін, икемін, қабілетін дамыта отырып, өзінің мәдениетті адамдық мәнін қалыптастырады [2, 6].

Ал, мәдениет ықпалдастығына келетін болсақ, ол ең алдымен екі немесе бірнеше мәдениеттердің тоғысуы. Басқа сөзбен айтсақ, дәстүрлі мәдениет пен құндылықтардың жақындасуы, өнердің және ғылымның алға басуына әкелетін мәдени қатынастар мен өркениеттік өзара байланысы. Философияның түп-тамыры «өмірге түсінікті» білдірсе, ал мәдениеттану бұл «мәдениетке түсінікті білдіреді» [1, 15]. Халық пен мәдениеттің

жанасуына қолайлы құндылықтың кең таралуы әртүрлі мәдениеттік жүйенің барабарлығын тану және сабырлық таныту, өз жүйесін жоғары бағалаудан бас тарту сынды сан алуан көзқарастарды қадірлеуді бізге үйретіп келеді.

Бірінші мыңжылдықта саналы адам дүние тетігіні меңгеріп, зор табыстарға қол жеткізе бастады. Жалпы адамзатқа және мәдениеттің дамуына үлес қосқан ең ірі төрт жетістікті баса айтуға болады. Олар тілдің пайда болуы, құрал-саймандардың ойлап табылуы, оттың пайдаланылуы және ежелгі шығыста жоғары мәдениеттің дүниеге келуі. Еуразия құрлығының шығыс аймағы – нағыз заманауи өркениеттің бесігі есептеледі. Дәл осы жерлерде ірі империялар құрылды, жазу, әдебиет, өнер, техника пайда болды, медицина, математика, астрономияның негізі қаланды, оған қоса, жаңа өркендеп келе жатқан ғылымдардың қатарына философия да қосылды. Ежелгі Шығыстың өркениет ошағы көбінесе, өзе жағасында пайда болды. Ніл аңғарында ежелгі мысыр өркениеті, Ефрат пен Тигр өзендердің аралығында – шумер мәдениеті, Инд аңғарында – үнді өркениеті, ал Хуанхэ өзен аңғарында – ежелгі қытай өркениеті бой көтерді.

Мыңжылдықтан бұрын пайда болған және **катаклизмге** қарамастан өзінің тұтастығы мен болмысын сақтап қала алған ежелгі өркениеттің бірі Хуанхэ мен Янцзы өзендер жағасында қалыптасқан қытай өркениеті болды. Жалпы Қытай мәдениетіне өзінің өзгеше бір мәдени ошағын қалыптастырып үлгерген Шығыс Азия халқының өркениеті әсер етіп, өз үлесін қосуының арқасында бірнеше ғасырларға созылған ерекше құбылысқа ие қытай өркениеті пайда болды десек артық айтқан болмаймыз. Хуанхэ алқабынан солтүстікке және батысқа қарай созылып жатқан таулы өлкелер мен далалық аймақтардан мал терісі мен аң терілер және бағалы тастар, әсіресе, яшма, қас тасы (нефрит) қатарлы тағы басқа да құнды заттар ішкі қытайға жеткізіле бастаған еді. Ерте заманда Қытайда нефрит тасы қымбат тастардың бірі деп саналды. Оны, тіпті, император тасы деп те атаған. Сол кезде бұл тамаша көкшіл түсті тасты нәзік құрал-саймандар жасауға, сондай-ақ, сән-салтанат үшін де қолданған. Қытайда нефрит биліктің символы ретінде қолданылуында екі нәрсе себеп болған. Оның бірі қас тасы Қытай аумағында өте сирек кездесетін тас болса, ал, енді бірі, бұл тас өзінің беріктігімен және төзімділігімен танымалдыққа ие болған.

Археологиялық қазбалардың дәлелдеуінше нефрит Синьцзян Ұйғыр автономиялы ауданының Такламакан шөлінен табылған. Шан (б.з.д. 16 - 11) дәуірі кезінде Юэчжи тайпасы Қытай астанасына асыл тасты – нефритт ісонау Юэчжи тауынан асырып әкеліп қытайларға өткізгендігі туралы мәліметтер бар. Юэчжи тайпасы болса үнді еуропалық тілге жататын, кезінде Сақтармен де байланыста болған, ежелгі тайпалардың бірі. Бұлар туралы қытай тарихшысы Гуань Чжун нақтылы мысал келтіріп жазған. Қытайлар нефриті «юй» деп атайды. Оның мағнасы мәртебелі, игілікті деген түсінікті білдіреді. Бұл тас туралы кеңінен таралған аңыздарда жоқ емес. Егер де адам бір жерден қателік жіберсе немесе көңіл-күйі дұрыс болмаса, онда тастың түсі түнере бастайтын көрінеді.

«Ұлы жібек жолы» Қытай мен сыртқы елдің мәдени байланысына үлкен рөл атқарған. Бұл жолды б.з.д. II У-ди ханның арқасында Бактрияға қарай салдыртқан. Осы ғасырдан бастап Батысқа қарай қытай жібек матасы тасымалдана бастады, Қытай дүниежүзіне «Жібек елі» деген атпен танылды.

76 ғасырда дүниеге келген ұлы римдік Вергилий ақыны жібекті мақтап, өлеңдер жазған. Бұл жол арқылы Шығыстан Батысқа қарай тек жібек мата ғана емес, араб фимиамы, қымбат асыл тастар, Индиядан муслин және тәтті заттарды тасыды. Ал, Батыстан Шығысқа қарай әйнек, қола, қалайы, қорғасын, қызыл маржан, мата, ыдыс-аяқ, алтын әкелінді. Тан және Сун дәуірінде Қытай мен Үнді елі арасында мықты қарым-қатынас болды. Оған дәлел екі ел арасындағы мәдени мұралармен алмасуы болып табылады: будда философиясы, үнді бейнелік өнері, архитектура, музыка, медицина, йога және тағы да басқалар. Мұндай байланыс қытай мәдениетін жойып жіберген жоқ, керісінше оны одан әрі байытып жіберді деп айтуға болады.

Әлемдік үш діннің ішіндегі ең ежелгісі Буддизм қытай дәстүрлі мәдениетіне айтарлықтай маңызды ықпалын тигізген болатын. Ол б.з. 1-2 ғасырларда Қытайға солтүстік

Махаяна түрінде алғаш келген. Көптеген ғибадатханалар және тамаша көркем өнерлері қытай архитектурасына жаңа түр әкелді, тіпті оны танымастай түрлендірді. Ең бірінші Қытайда ғибадатхана – Лояндағы «Ақ ат» ғибадатханасы – б.з. 67 жылы Мин Ди патша кезінде құрылған. Оған қоса ең бастысы нақ қытай будда монахтары ксилография өнерін, яғни кітапты басу, жазуларды матрицамен көбейту, басқша айтқанда айналы иероглифтермен ойылған тақтайларды ойлап тапты.

Чжоу әулиеті таққа келуі ежелгі Қытай қоғам санасына және идеологиялық дәстүрге өзгерістер әкелді. Чжоулар аспан туралы жаңа көзқарас әкелді және оны Тянь деп атады. Алғашқы жазбаларында «тянь» басы ерекше әрі үлкен етіп көрсеткен. Сөйтіп «Аспанды» чжоулар жаман істері үшін жазалап, жақсылықтарыңды дәріптеген құдай ретінде қабылдаған. Чжоулардың айтуы бойынша, аспанның мейірімділігіне бөлену және оған лайықты болу өте қиын. Кейіннен бұл көзқарасты Конфуций мен Мо цзы өз іліміне қосып алды. Алайда, Мо цзы идеологиясында терең қарастырылған.

Б.з.д. 618 ғасырда өз билігін бастамай тұрып Тан әулеті байырғы қытай мен көшпенділердің басын қосқысы келген. Әулеттің басшысы туралы Л.Н. Гумилев Александр Македонскиймен салыстыра отырып, оның Ұлы Дала жұртын, салтын, әдет-ғұрпын жақсы білетінін жазған. Тан дәуірінің басталуы кезіңінде екі елдің мәдени ауысу кезеңі болды: Дала империяға қарулы әскерлерін берсе, көшпенділер қытайдың мәдениетіне және байлығына қызыққан.

XX ғ. басынан басталатын қытай қоғамындағы сан-алуан бетбұрыстар аспан асты елінің тарихында орын алды. Цин басталғанан бері Қытайда әдебиет ерекше дамыды. Сонау ертеден бастап қытай әдебиеті анайы, қарапайым әрі тек миф пен аңыз-әңгімелерден құрылды, ұрпақтан-ұрпақ таралған ауызша әдебиет болды. Алайды, уақыт өте келе қытай әдебиеті жалпы идеологияға айтарлықтай өзгеріс әкелді. 1911 жылғы революция әдебиеттің жаңартылуына түрткі болды. Бірақ ол да қытай әдебиеті мен қоғамына ерекше өзгеріс әкелген жоқ. 1925-1927 жылдағы революция қытай азаттық қозғалысы әдебиетіне елеулі өзгерістер әкелгенін байқауға болады.

Тілдің архаикалық формалары жазба түріне қиындықтар тудырды. Ерекше грамматикалық, стилистикалық құрылысы бар қытай жазуының қайта құрылуын талап етті. Қытайдың классикалық жазуының орнына жаңа байхуа жазуы келді. Бұл ауыз екінің фиксациясы болып табылады. Жаңа тілдің алғашқы жақтаушылары профессор Ху Ши және профессор Чэн Ду Сю болды. 1915 жылы ғалым және әдебиетші Чан Ду Сю «Жаңа жастар» (Синь Чиньниань) журналын шығара бастады. Ол қытай әдебиеті әлң де классика және романтика деңгейінде тұрғанын оған реализм өте керек екендігін жазған. Аз уақыт ішінде «Жаңа жастар» студенттер арасында үлкен сұранысқа ие болды. Реализм жаңа әдебиет қоғалысының ұранына айналды.

Бар адамзат үшін көптеген күйзеліс әрі өзгерістер әкелген, бұрын соңды болмаған діни, қоғамдық, этностық соқтығыстар ғасыры – XX ғасыр. Күні бүгінге дейін дүниежүзілік екінші соғыс халықтың санасында өшпестей таңба қалдырған, міне, осының бәрі – “мәдени тарихының” бір бөлігі. Қазіргі заманға дейін қақтығыстар әлі де жалғасуда, алайда технологиялық жетістіктері арқылы жаңа мүмкіндіктер ашуына байланысты соғыстың жаңа түрі пайда болды, бұл - өркениет арасындағы соғыс : ақпараттық соғыс.

Бұл жанжал туралы жақсы сипаттап беретін, Сэмюэль Хантингтон , «Өркениеттер соғысы» кітабының авторының айтуы бойынша, сәуегейлігіне сүйенер болсақ, өркениеттердің белсенді түрде шығуына байланысты туындайтын өркениетаралық жанжал дауына душар болмақ. Ол, әсіресе, “қарт” Еуропа мен “балауса” еуропалық емес өркениеттер арасындағы айқас болмақ. Өкінішке қарай, өркениеттер қақтығысына, дау-жанжалға, жалпы, жаманшылыққа бастар жолдар көп әрі саналуан. Ал жай қорытынды шығарып, байлам шығармай, «бұндай қиындыққа тап болған кезде шығар бір жол – диалог» деп бітімге келген, Хантингтоннан ертерек өркениет туралы сөз қозғаған М.Бахтин болатын. Өзінің алғашқы мағынасында “диалог” – екі адамның сұхбаты деген мазмұнға ие болған. М.Бахтиннің жаңашылдығы оның диалогты адам болмысының негізгі қасиеті ретінде

карастырумен қатар, оны адам белсенділігінің жемісі – мәдениеттің болмыстық қағидасы деп есептеуінде. Адамдар қарым-қатынасының құндылығын ашып көрсетіп, сұхбаттың адам игілігіне жарайтын ұлы күш екендігін аңғарған М.Бахтин диалог қағидасын бүкіл адами әлемге – мәдениетке таратты. Яғни, диалог феноменінің түбірі адамның “Басқаны” артық көру мүмкіншілігінде жатыр.

Диалог сөзі әрбір саланы қамтиды. Мәдениетте диалог ол екі түрлі бағытты ұстанатын адамдар арасындағы байланыс деп түсінуге болады. Мәдениеттің бір-бірімен байланысуына не соғысуына бәрі де диалог арқылы жүрген. «Ата – бабамыз артынан қалдырған ұлан-ғайыр жерді кесіп өтетін Ұлы Жібек жолы мысал бола алады десек қателеспейміз. Адамның қолымен жасалға мына ғажап дүние Ұлы мәдениеттердің және Шығыс пен Батыс діндерін басын бірге қосып, бірін-бірі жалғайтын нағыз диалог жолы» [3, 87].

Біз саналы түрде болсын, әлде кейде ойланбай-ақ өзімізді қоршаған адамдарды, әлемді өзіміздің оларға деген қарым-қатынасымызбен құрастырамыз. Ол қарым-қатынас тек өзара сыйластық, түсіністік аясында өрбиді деп біржақты тұжырымдар болсақ, ол ақиқатқа жанаспас еді немесе нақты өмірмен байланысын үзген құрғақ қиял есебінде қалар еді. Бірақ сол бір жан-жалдан көз ашпаған әлемде бейбітшіліктің мамыражай күйін орнатар жалғыз мүмкіндік өзара сыйластыққа негізделген мәдениетаралық диалог екендігі сөзсіз.

«Егерде Гете өмірінің соңғы жылдарында «дұрыс жолдағы адам орынды либер» деп айтып кетсе, онда бұл қанатты сөздерін бүгінгі кезде былай айтуға болады: дұрыс пікірлі адам – шыдамды, адамгершілігі мол, бейбітшіл.» [3, 87].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тимошинов В.И. Мәдениеттану. Қазақстан – Еуразия – Шығыс – Батыс. Оқу құралы – 386 б. Алматы: Нус, 2008.
2. Ғабитұлы Г., Мүстәліпов Ж., Құлсариев А., Мәдениеттану - Алматы: Раритет; 2005, 415 б
3. Ғабитов Т.Х. Культурология - Алматы: Юридическая литература, 2006, 407 б.
15. Чжу Биян, Женчи, Женчи Ниян. Общие знание по культуре Китая - Китай, Пекин: Типография по изучению китайского языка, 2007, 242 б.
16. 5.// Егемен Қазақстан. №90-93 (25939) 12 наурыз, 2010.
17. [https://ru.wikipedia.org/wiki/ Юэчжи](https://ru.wikipedia.org/wiki/Юэчжи)
18. <http://www.chinatrips.ru/luoyang/attraction/white-horse-temple.html>

УДК 811.111 : 821.111 – 12

СПЕЦИФИКА КОНЦЕПТУАЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА АБСУРДНОГО АНГЛОЯЗЫЧНОЙ ПОЭТИЧЕСКОЙ ДРАМЫ Т.С. ЭЛИОТА «ВЕЧЕРНИЙ КОКТЕЙЛЬ»

Передерий Анна Николаевна

AnnPgandzya@yandex.ru

Кандидат филологических наук, доцент кафедры английской филологии